

**Б.Блум таксономиясы бойынша
танымдық салада
оқу мақсаттарының категориялары**

Негізгі категориялар

1. БІЛІМ

Бұл категория оқу материалын есте сақтау мен қайталауды білдіреді.

Оқу материалы деп әртүрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады. Бұл категорияның негізгі сипаты – қажетті мәліметтерді есте сақтау.

Жалпыламаланған оқу мақсаттарының мысалдары

Шәкірт:

- қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);

- нақты фактілерді біледі;

- әдістер мен жұмыстың орындалу ретін біледі (процедурасын);

- негізгі ұғымдарды біледі;

- ережелер мен қағидаларды біледі.

2. Түсіну

Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

- Трансляция – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен математикалық формуланы сөзбен айтып беру немесе керісінше; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);
- Интерпретация – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау;
- Жорамалдау - оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Шәкірт:

Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;

Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;

Сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді;

Берілген ақпарат бойынша болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды.

3. Қолдану

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді.

Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды

практикалық тұрғыдан қолдану кіреді.

Оқу нәтижелері *түсіну* деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Шәкірт:

• ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;

• заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;

• әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді;

4. Талдау

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

- Бүтіннің бөліктерін ажырату;**
- Бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау;**
- Бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну.**

Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құралатындығын білуді меңзейді.

Шәкірт:

**жасырын (көзге көрінбейтін)
жәйттерді ашады;**

**ойдың өрбуінен қателер
мен олқылықтарды айқындайды;**

**фактілер мен олардың
салдарының
арасын ажыратады;**

**ұсынылған фактілердің
маңыздылығын айқындайды.**

5. Синтез

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Шәкірт:

**Шығармашылық
тұрғыдан кішігірім
шығарма (эссе) жазады;**

**тәжірибе
жасаудың
Өзіндік
жоспарын
ұсынады;**

**Қандай да болмасын
проблеманы шешу үшін
өз білімдерін
шығармашылықпен
қолданады.**

6. Бағалау

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру.

Мұнда шәкірттің пайымдаулары нақты критерийлерге негізделуі керек:

- ішкі – құрылымдық, логикалық тұрғыдан;
- сыртқы – алдына қойылған мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан.

Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Шәкірт:

• оқу
материалы
құрылымын
ың
логикасын
жазбаша
түрде
бағалайды;

• ішкі немесе
сыртқы
критерийлерге
сүйеніп, оқу
материалының
маңыздылығын
айқындайды;

• жасалған
шешімдер мен
қорытындыларды
ң
берілген
фактілерге
сәйкестігін
анықтайды.